

2024–2025 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары

Мақсаты: Отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы өзара тығыз байланысты орнату, балалардың шығармашылық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуына ата-аналарды белсенді қатыстыру.

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Жалпы ата-аналар жиналысы: «Заманауи балабақша және отбасы: серіктестік қадамдары»	Қыркүйек	Меңгеруші, тәрбиешілер
2	«Баланың тілдік дамуы және сөйлеу ерекшеліктері» тақырыбында ата-аналар арасында сауалнама жүргізу қорытындысы	Қыркүйек	Логопед
3	«Балалардың дербестігі мен өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту» бағытында кеңес беру	Қазан	Әдіскер, тәрбиешілер
4	«Әкем, шешем және мен» атты ата-аналармен бірлескен ашық ойын-сауық іс-шаралары	Қараша	Тәрбиешілер, музыка жетекшісі
5	«Қысқы ертегі» атты бірлескен шығармашылық көлөнер туындыларының көрмесі	Желтоқсан	Тәрбиешілер, ата-аналар
6	«Цифрлық дәуірдегі бала тәрбиесі: гаджеттердің пайдасы мен зияны» тақырыбындағы пікірталас клубы	Қаңтар	Педагог-психолог, әдіскер
7	«Ұршық иіріп, ою ойған әжелер» (Немерелерге ұлттық көлөнер түрлерін: құрақ құрау, қесте тігу, тоқу өнерін таныстыру). (Адал азамат бағдарламасы аясында)	Ақпан	Меңгеруші, әдіскер
8	«Ұлыстың ұлы күні — Наурыз» мерекесіне орай ұлттық дәстүрлерді дәріптеу шаралары	Наурыз	Тәрбиешілер, ата-аналар
9	«Білгірлер отбасы» атты интеллектуалды-танымдық отбасылық сайыс	Сәуір	Тәрбиешілер, әдіскер
10	Оқу жылының қорытынды ата-аналар жиналысы: «Бір жылғы белес: табыстар мен нәтижелер»	Мамыр	Әкімшілік, педагогтер

Жоспарланған іс-шаралардың хаттамалары

Хаттама №1

Өткізілген күні: 11 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: 60 ата-ана, бөбекжай әкімшілігі мен тәрбиешілер

Тақырыбы: Жалпы ата-аналар жиналысы: «Заманауи балабақша және отбасы: серіктестік кадамдары»

Күн тәртібі:

1. 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру процесінің мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. Бөбекжай жағдайында балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелері.
3. Жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі сөз алып, жаңа 2024-2025 оқу жылына қойылған басты педагогикалық мақсаттар мен балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған бағдарламалар туралы баяндады.

Екінші мәселе бойынша әдіскер сөз сөйлеп, бөбекжайдың ішкі тәртібі, балаларды қабылдау уақыты және техникалық қауіпсіздік шараларының маңыздылығын ескертті.

Үшінші мәселе бойынша ата-аналар тарапынан ұсыныстар айтылып, дауыс береу нәтижесінде жаңа оқу жылына ата-аналар комитетінің төрайымы болып Б.К. Асанова сайланды.

Қаулы етілді:

1. Бөбекжайдың 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру міндеттері басшылыққа алынсын.
2. Балалардың қауіпсіздігі мен ішкі тәртіп ережелерін сақтау ата-аналарға міндеттелсін.
3. Сайланған ата-аналар комитетінің құрамы бекітілсін.

Жиналыс төрағасы: Л.А. Джумабекова

Хатшы: Г.М. Адилханова

Хаттама №2

Өткізілген күні: 24 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар: Ата-аналар, логопед, топ тәрбиешілері

Тақырыбы: «Баланың тілдік дамуы және сөйлеу ерекшеліктері» тақырыбында ата-аналар арасында сауалнама жүргізу қорытындысы

Күн тәртібі:

1. Сауалнама нәтижелерін сараптау және балалардың сөйлеу тілінің даму деңгейін анықтау.
2. Балалардың анық әрі дұрыс сөйлеуін қалыптастырудағы ата-ана мен логопедтің бірлескен жұмысы.

Тыңдалды:

Бөбекжайдың мұғалім-логопеді сөз сөйлеп, қыркүйек айында өткізілген сауалнаманың қорытындысымен таныстырды. Сауалнамаға 55 ата-ана қатысқан. Нәтиже бойынша балалардың 88%-ның тілдік дамуы және сөздік қоры жас ерекшелігіне сай, қалыпты деңгейде екені анықталды. Кейбір балалардың дыбыстарды анық айтпау және сөздерді байланыстырып сөйлеуде қиындықтары бар екені айтылып, олармен жеке түзету-дамыту жұмыстарының жоспары құрылғаны мәлімденді.

Қаулы етілді:

1. Сауалнама қорытындысы бойынша логопедиялық кеңестер мен ұсыныстар (артикуляциялық жаттығулар, саусақ ойындары) назарға алынсын.
2. Тілдік дамуында және дыбыстарды айтуда қиындықтары бар балалардың ата-аналарына жеке логопедиялық қолдау мен кеңес берілсін.

Логопед: Г.Г. Савичева

Хатшы: Г.М. Адилханова

Хаттама №3

Өткізілген күні: 16 қазан 2024 жыл

Қатысқандар: Ата-аналар, әдіскер, топ тәрбиешілері

Тақырыбы: «Балалардың дербестігі мен өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту»
бағытында кеңес беру

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі жастағы баланың өзіндік дағдыларын қалыптастырудың маңызы.
2. Үй жағдайында баланың дербестігін қолдау әдістері.

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері балалардың өз бетінше киіну, тамақтану және ойыншықтарын жинау дағдыларының қалыптасу деңгейі туралы сөз қозғады. Әдіскер ата-аналарға үйде балаға шамадан тыс қамқорлық көрсетпей, оның өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беру қажеттігін, бұл баланың сенімділігін арттыратынын түсіндірді.

Қаулы етілді:

1. Тәрбиешілердің дербестікті дамыту бойынша берген ұсыныстары үйде тұрақты қолданылсын.
2. Балалардың өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту бойынша бөбекжай мен отбасы талаптары бірдей болсын.

Ұйымдастырушы: А.С.Габдушева

Хатшы: Г.М. Адилханова



Хаттама №4

Өткізілген күні: 14 қараша 2024 жыл

Қатысқандар: Топ ата-аналары, меңгеруші, тәрбиешілер, музыкалық жетекші

Тақырыбы: «Әкем, шешем және мен» атты ата-аналармен бірлескен ашық ойын-сауық іс-шараларының қорытындысы

Күн тәртібі:

1. Өткізілген бірлескен ойын-сауық іс-шарасының барысын талқылау.
2. Мұндай іс-шаралардың бала мен ата-ана қарым-қатынасына әсері.

Тыңдалды:

Музыкалық жетекші қараша айында ұйымдастырылған «Әкем, шешем және мен» атты шараның өте жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Ата-аналар балаларымен бірге түрлі музыкалық, логикалық ойындарға қатысып, жақсы көңіл-күй сыйлады. Ата-аналар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, балаларының бөбекжайдағы өміріне етене араласуға мүмкіндік алғандарын айтты.

Қаулы етілді:

1. Өткізілген ашық ойын-сауық іс-шарасы жоғары деңгейде деп бағалансын.
2. Ата-аналармен эмоционалдық байланысты арттыратын осындай бірлескен шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылсын.

Меңгеруші: Л.А. Джумабекова

Хатшы: Г.М. Адилханова

Хаттама №5

Өткізілген күні: 19 желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай тәрбиеленушілері мен ата-аналары, тәрбиешілер

Тақырыбы: «Қысқы ертегі» атты бірлескен шығармашылық қолөнер туындыларының көрмесі

Күн тәртібі:

1. Көрмеге ұсынылған отбасылық қолөнер жұмыстарын бағалау және талдау.
2. Белсенділік танытқан отбасыларды марапаттау.

Тыңдалды:


Бас тәрбиеші сөз алып, «Қысқы ертегі» көрмесіне ата-аналар мен балалардың бірлесіп жасаған 60-қа жуық туындылары қойылғаныны хабарлады. Жұмыстар түрлі қолжетімді материалдардан өте шебер орындалған. Бұл көрме балалардың шығармашылық қабілетін ұштаумен қатар, отбасылық ынтымақтастықты нығайтуға үлкен үлес қосты.

Қаулы етілді:

1. Шығармашылық көрмеге белсенді қатысып, ерекше туынды дайындаған отбасыларға бөбекжай әкімшілігінің «Мақтау қағаздары» берілсін.
2. Балалардың эстетикалық талғамын дамытуға бағытталған көрмелер алдағы уақытта да жалғассын.

Төраға: Л.А. Джумабекова

Хатшы: Г.М. Адилханова



Хаттама №6

Өткізілген күні: 17 қаңтар 2025 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, ата-аналар комитеті мүшелері

Тақырыбы: «Цифрлық дәуірдегі бала тәрбиесі: гаджеттердің пайдасы мен зияны» тақырыбындағы пікірталас клубы

Күн тәртібі:

1. Гаджеттер мен телефондардың баланың психо-эмоционалдық және физикалық дамуына әсері.
2. Баланың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жолдары.

Тыңдалды:


Меңгеруші балалардың телефон мен планшет алдында көп уақыт өткізуінің көру қабілетіне, жүйке жүйесіне және тілдің кеш шығуына тигізетін зияны туралы баяндама жасады. Ата-аналар бұл мәселенің бүгінгі күнде өте өзекті екенін растап, үйде баланың назарын үстел ойындарына, кітап оқуға қалай аударуға болатындығы туралы өз тәжірибелерімен бөлісті.

Қаулы етілді:

1. Ата-аналарға баланың гаджет қолдану уақытын шектеу және оны бақылауда ұстау ұсынылсын.
2. Бөбекжай бұрыштарында ақпараттық парақшалар мен пайдалы кеңестер жинағы орналастырылсын.

Төраға: А.Е.Хасанова

Хатшы: Г.М. Адилханова



Хаттама №7

Өткізілген күні: 12 ақпан 2025 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай меңгерушісі, әдіскер, топ тәрбиешілері, бөбекжай әжелері және немерелер (мектепалды тобы).

Тақырыбы: «Әжелер мектебі» отырысы: «Ұршық иіріп, ою ойған әжелер» (Немерелерге ұлттық қолөнер түрлерін: құрақ құрау, кесте тігу, тоқу өнерін таныстыру). («Адал азамат» бағдарламасы аясында)

Күн тәртібі:

1. «Адал азамат» бағдарламасы аясында өскелең ұрпақтың бойында еңбекқорлық, адалдық және ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы әжелер мектебінің рөлі.
2. Әжелердің қатысуымен немерелерге ұлттық қолөнер түрлерін (ұршық иіру, құрақ құрау, кесте тігу) таныстыру бойынша практикалық шеберлік сыныбы

Тыңдалды:

- **Бірінші мәселе бойынша** бөбекжай меңгерушісі сөз алды. Ол өз сөзінде мемлекеттік «Адал азамат» бағдарламасының негізгі мақсаты — адал еңбекпен күн көруді, отаншылдықты, үлкенді сыйлауды және салт-дәстүрді қадірлеуді бала санасына кішкентайынан сіңіру екенін атап өтті. «Бұл істе біздің әжелеріміздің орны ерекше. Әженің ақылы мен оның қолынан шыққан әрбір бұйым — бала үшін үлкен тәрбие мектебі.
- **Екінші мәселе бойынша** әдіскер сөз сөйлеп, шараның практикалық бөлімінің барысымен таныстырды. Отырыс аясында әжелер арнайы құрылған шеберлік аймақтарында немерелеріне ұлттық өнердің қыр-сырын көрсетті:
- **Құрақ аймағында:** А.М. Иманова әжеміз немерелерге мата қиындыларын қалай біріктіру керектігін көрсетіп, құрақ құраудың артында үнемшілдік пен ұқыптылық, бірлік сияқты қасиеттер жатқанын түсіндірді.
- **Кесте мен тоқу аймағында:** Л.М.Сагитова әжеміз бізбен ою-өрнектердің мағынасын талқылап, қыз балаларға ине ұстау, жіп сабақтау әдістерін үйретті.
-
- **Ұршық иіру аймағында:** Көпті көрген қарияларымыз қой жүнінен қалай жіп дайындалатынын тікелей көрсетіп, балалардың зор қызығушылығын тудырды.

Қаулы етілді:

1. «Адал азамат» бағдарламасы аясында өткізілген «Ұршық иіріп, ою ойған әжелер» атты «Әжелер мектебінің» іс-шарасы жоғары деңгейде өтті деп танылсын.
2. Немерелерді еңбекқорлыққа, адалдыққа және ұлттық өнерді қастерлеуге баулитын осындай қолөнер және дәстүр сабақтары бөбекжайдың тәрбие жоспарына сәйкес тұрақты түрде жалғасын тапсын.
3. Шараға белсенді қатысып, өз өнерлерімен бөліскен әжелерге бөбекжай әкімшілігі атынан «Алғыс хаттар» табысталсын.

Жиналыс төрағасы: А.Е.Хасанова

Хатшы: Г.М.Адилханова

Хаттама №8

Өткізілген күні: 19 наурыз 2025 жыл

Қатысқандар: Тәрбиешілер, музыкалық жетекші, ата-аналар

Тақырыбы: «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» мерекесіне орай ұлттық дәстүрлерді дәріптеу шаралары

Күн тәртібі:

1. Наурыз мейрамын тойлау барысында ата-аналардың атсалысуы.
2. Балаларға ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді сіңіру.

Тыңдалды:

Топ тәрбиешісі Наурыз мейрамы аясында ұйымдастырылған іс-шарада ата-аналардың қолдауымен ұлттық салт-дәстүрлердің («Тұсаукесер», «Бесікке салу») сахналанғанын атап өтті. Ата-аналар ұлайттық киімдер киіп, балалармен бірге қазақтың ұлттық ойындарын ойнап, белсенділік көрсетті.

Қаулы етілді:

1. Ұлттық тәрбиеге бағытталған шараларға ата-аналарды тарту жұмысы жоғары деңгейде деп танылсын.
2. Балалардың бойында ұлттық рухты ояту мақсатында мұндай шаралар жүйелі жүргізілсін.

Музыкалық жетекші: А.С.Еркинова

Хатшы: Г.М. Адилханова



Хаттама №9

Өткізілген күні: 16 сәуір 2025 жыл

Қатысқандар: Өдіскер, тәрбиешілер, сайысқа қатысушы отбасылар

Тақырыбы: «Білгірлер отбасы» атты интеллектуалды-танымдық отбасылық сайыстың қорытындысы

Күн тәртібі:

1. Сайыстың өтілу барысы, кезеңдердің нәтижелерін талдау.
2. Жеміспаздар мен белсенді қатысушыларды марапаттау.


Тыңдалды:

Тәрбиеші сәуір айында өткен «Білгірлер отбасы» сайысының қорытындысын жариялады. Сайысқа әр топтан логикалық ойлау қабілеті жоғары отбасылар қатысып, мақал-мәтелдер, жұмбақтар шешу және логикалық тапсырмаларды орындаудан жарысты. Сайыс өте қызықты әрі тартысты өтті.

Қаулы етілді:

1. Сайыста ерекше білімділік танытқан отбасыларға I, II, III дәрежелі дипломдар мен сыйлықтар табысталсын.
2. Балалар мен ата-аналардың интеллектуалдық қабілетін арттыратын танымдық сайыстар алдағы уақытта да ұйымдастырылсын.

Тәрбиеші: А.С. Габдушева
Хатшы: Г.М. Адилханова



Хаттама №10

Өткізілген күні: 21 мамыр 2025 жыл

Қатысқандар: 55 ата-ана, бөбекжай әкімшілігі мен педагогтер құрамы

Тақырыбы: Оқу жылының қорытынды ата-аналар жиналысы: «Бір жылғы белес: табыстар мен нәтижелер»

Күн тәртібі:

- 1.2024-2025 жылында ата-аналармен атқарылған жұмыстардың есебі.
- 2.Балалардың жыл соңындағы даму мониторингінің нәтижелерімен таныстыру.
- 3.Жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау.

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі жыл бойы жоспарға сай атқарылған іс-шаралардың есебін беріп, бөбекжай өміріне белсенді қатысқан ата-аналарға алғыс хаттар табыстады. Тәрбиешілер балалардың білім мен дағдыларды меңгеру деңгейінің мониторингтік өсу көрсеткіштерін көрсетті. Бөбекжай медбикесі жаз айларындағы қауіпсіздік (күн өту, судан сақтану, гигиена) бойынша нұсқаулық берді.

Қаулы етілді:

- 1.2024-2025 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілген жұмыстар қорытындысы «жоғары деңгейде» деп танылсын.
- 2.Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша берілген нұсқаулықтар қатаң сақталсын.

Жиналыс төрағасы: А.Е.Хасанова

Хатшы: Г.М. Адилханова

